

Кенжетаева Роза Орынбаевнаның
6D010200- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

«Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау»

Зерттеудің өзектілігі. Заманауи білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудың маңызы арта түсуде. Бағалау - оқыту мәселелерін диагностикалаудың негізгі көрсеткіші және бастауыш білім берудің ғана емес, жалпы білім деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының басты басымдықтардың бірі - білім беру сапасы және әлемдік білім беру кеңістігіне ену. Мемлекет басшысы барлық дамыған елдердің бірегей сапалы білім беру жүйелері бар екенін, сондықтан Қазақстанда Ұлттық білім берудің барлық буындарының сапасын жақсарту жөнінде ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын атап өтті.

Алға қойылған міндеттерге байланысты 2020 жылы Қазақстан жаңартылған оқыту мазмұнына толықтай көшті. Бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады. Оқу үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде бағалау мұғалімнің тиімді әдістемелер мен оқу құралдарын дұрыс таңдауына бағытталуы керек.

Оқу үдерісіндегі оқушылардың білім жетістіктерін критериалды бағалауға мұғалімдерді даярлау Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының басты мақсаты болып табылады. Қазақстан мектептерінде критериалды бағалауды кезең-кезеңімен және жүйелі түрде енгізу 2016 жылдан бастау алды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі компоненттерінің бірі - қазіргі заман талабына сай мектеп оқушыларының білім жетістіктерін бағалауға дайындау. Әсіресе, бастауыш мектепте бағалау мәселесі өте өзекті болып табылады. Кіші жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау - педагогика ғылымының қазіргі жетістіктеріне сәйкес келуі керек болып табылатын оқыту процесінің маңызды компоненті және педагогикалық іс-әрекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі бағалаудың бес балдық жүйесі өзіне тән кемшіліктерге ие болды, мысалы объективті бағалау критерийлерінің болмауы, субъективті бағалау, ақпараттардың жеткіліксіздігі және т.б. Дәстүрлі бағалау жүйесінің кемшіліктері Қазақстандағы білім мазмұнына білім жетістіктерін бағалаудың критерий жүйесін енгізу қажеттілігін тудырды. Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың мұндай жүйесі сұранысқа ие болды, бұл бағалаудың жағымсыз жақтарын жоятын, бағалау

жүйесінің объективтенуіне және білім беру мотивациясының жоғарылауына ықпал ететін еді.

Педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық аспектілері М. Қоянбаев, Т. С. Сабыров, Б. А. Абдыкаримов, Б. А. Тургунбаева, Н. Н. Хан және т. б. ғалымдармен зерттелді.

Болашақ педагогтарды бағалау қызметіне кәсіби даярлау мәселелеріне В. А. Слостенин, О. А. Абдуллина, Е. Л. Перькова, О. Ф. Горбунова, Н. В. Кузьмина, Е. В. Луцай, Ж. Е. Сәрсекеева және т. б. зерттеулері арналған.

Білім алу нәтижелерін бағалауға Б. Г. Ананьев, Ш. А. Амонашвили, П.Я. Гальперин, С. Л. Кабыльницкая, В. В. Давыдов, Е. Д. Божович, Г. А. Цукерман, Н. Ф. Талызина, И. С. Якиманская, И. А. Зимняя, В.Д. Щадриков және басқалары психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізді.

Бастауыш мектеп жасының ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш білім берудегі педагогикалық өлшеулермен байланысты бақылау және бағалау жүйесінің ерекшеліктерін М.И. Кузнецова, Н.Ф. Виноградова, Е.Н. Землянская, А.В. Воронцов, В.Л. Синебрюхова, Т.Г. Самойленко, Н.В. Калинина, И.В. Гладкая және тағы басқалары зерттеді.

А.А. Красноборова, Е.А. Селищева, М.И. Кузнецова, А. П. Тряпицына, Л. А. Пинский, С.Б. Велединская, Р.Х. Шакиров, О.И. Дуткина және басқалар сияқты авторлардың заманауи зерттеулерінде критериалды бағалауды қолдану қажеттілігін дәлелдеді.

P. Black, D. Wiliam, L. Shepard, B. Bloom, D. Wood, C. Stone, J. Bruner тағы да басқа шетелдік авторлардың еңбектерінде оқу жетістіктерін бағалау мәселелері қарастырылған.

Қазақстанда білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тұжырымдары О.И. Можаяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова, А. Т. Айтпукешев, Г. М. Кусаинов, К. М. Сагинов, Л. Г. Колесова және т. б. ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген.

Ғалымдардың осы мәселеге деген үлкен қызығушылығына қарамастан, болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлаудың теориялық және практикалық негіздері әлі де жеткілікті түрде зерттелген жоқ.

Педагогикалық тәжірибені теориялық және практикалық жағынан қарастырған зерттеулерді талдау олардың арасында төмендегідей:

- болашақ мұғалімдердің бағалау дағдыларын қалыптастыруға кәсіби дайындықтың дәстүрлі жүйесін және оқу жетістіктерін объективті критериалды бағалау дағдыларын игерген бастауыш сынып мұғаліміне деген қоғамның объективті қажеттілігі;

- бағалау мәселесі бойынша қалыптасқан ғылыми-теориялық база және педагогикалық үдерісте білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға арналған әдістемелік құралдардың әлі де жеткіліксіз әзірленуі сияқты **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткен қарама-қайшылықтардың шешілуі: бастауыш мектеп оқушыларының білім жетістіктерін критериалды бағалауға мұғалімнің дайындығын қалыптастыруға бағытталған болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығының мазмұнын қарастыру ғылыми-практикалық **зерттеу мәселесін** анықтайды.

Мәселенің өзектілігі, оның қазіргі заманғы жоғары кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесінде ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз қарастырылуы зерттеу тақырыбын **«Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға ЖОО-дағы болашақ педагогтарды кәсіби даярлауды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік қамтамасыз ету.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі

Зерттеу пәні: бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер «оқу жетістіктерін критериалды бағалау» ұғымының мазмұндық сипаттамасы нақтыланса, болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлаудың құрылымдық–мазмұндық моделі әзірленіп, ЖОО оқу процесіне енгізілетін болса; **онда** болашақ педагогтердің осы кәсіби қызметке дайындығы тиімді қалыптастырылатын болады, **себебі** бұл болашақ бастауыш буын педагогтерін кәсіптік даярлау үдерісінде критериалды бағалаудың практикалық - бағдарланған технологияларын іске асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің міндеттері:

1. Педагогикалық ғылым мен практикада қолданылатын оқу жетістіктерін бағалаудың генезисін ашу.

2. «Оқу жетістіктерін критериалды бағалау» ұғымына мазмұндық сипаттама беру.

3. Болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлаудың құрылымдық–мазмұндық моделін әзірлеу.

4. Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға студенттерді кәсіби даярлау моделінің тиімділігін сынақтан өткізу және эксперименттік тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау үшін студенттердің кәсіби дайындығының табыстылығы әдістемелік құралдардың әзірлену дәрежесіне және оларды ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісінде шығармашылықпен пайдалануға байланысты.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі:

- жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғалық және құзыреттіліктің теориялық әдістемелері (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Ш.А. Амонашвили, В.П. Беспалько);

- дамыта оқытудың психологиялық-педагогикалық теориялары (П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин, Л.В. Занков);

- интегралды педагогикалық процестің теориялары (В.А.Сластенин, П.И. Пидкасистый, Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан, Е.Н. Землянская);

-мұғалімдерді кәсіби даярлау теориялары (И.А. Зимняя, Н.В. Кузьмина, Е.А. Климов, Р.М. Коянбаев, Т.С. Сабыров);

-критериалды бағалауды зерттеу (А.А. Красноборова, Е.А. Селищева., Е.В. Иващенко, О.И. Можаяева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова, А.Т. Айтпукешев, Г.М. Кусаинов, К.М. Сагинов);

- критериалды бағалау теориялары (P. Black, Harrison, D. Wiliam, C. W. Harlen, G. Stobart, M. Swan, R. J. Stiggins).

Зерттеу әдістері:

- теориялық әдістер (психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертациялар, монографияларды, нормативтік құжаттарды теориялық талдау, зерттеу проблемасы бойынша материалдарды талдау, синтездеу және жүйелеу);

-эмпирикалық әдістер (бақылау, әңгімелесу, сауалнамалар мен онлайн-сауалнамалар көмегімен социологиялық сауалнама, тестілеу, анықтау және қалыптастырушы эксперимент жүргізу);

- эксперименттік зерттеулерде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, мәліметтерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңызы:

- «критериалды бағалау» тұжырымдамасының құрылымдық-мазмұндық құрамы анықталды;

- болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби дайындығының маңыздылығы мен әдістемелік құндылығы негізделді;

- бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауда болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және енгізілді, ол мақсатты, белсенділік-процедуралық, мағыналық және нәтижелік блоктарды қамтиды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға студенттердің кәсіби дайындығын әдістемелік қамтамасыз етілуінде жатыр. Практикалық қолдану үшін: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған «Бастауыш білім берудегі бағалаудың заманауи технологиялары» арнайы курсы және «Критериалды бағалау технологиясы» пәні бойынша вебинарлар, видео дәрістер, дәрістің әр тақырыбының дауыстық презентациялары, бастауыш сыныптарда қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша практикалық жаттығулар сияқты электрондық ресурстар мен жаңа технологияларды қолдана отырып қашықтықтан оқыту нысаны әзірленді және апробацияланды. «Бағалаудың өлшемдік технологиялары/Критериалды бағалау технологиялары» оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Зерттеу

материалдарын жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау барысында қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Критериалды бағалаудың әдіснамалық негізі студенттердің білім жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық түрде дамытылған, процестің барлық қатысушылары алдын-ала белгілі, білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін критерийлермен салыстыруға негізделген, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін процесс болып табылады.

2. Болашақ мұғалімдерді бастауыш мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау - критериалды бағалау бойынша оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастырудың тұтас, мақсатты процесі, оған мыналар кіреді: когнитивті-рефлексивті және коммуникативті-бағалау құзыреттіліктері

3. Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделі болашақ педагогтердің бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби дайындығын қамтамасыз етеді және критериалды бағалау құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалаудың мотивациялық-құндылық, когнитивтік, әрекеттік және рефлексивті компоненттері мен критерийлерін іске асыратын интегративті сапа ретінде қарастырылады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау моделін іске асырудың тиімділігі «Критериалды бағалау технологиялары» пәні арқылы құзыреттілікті қалыптастыратын студенттермен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдана отырып қамтамасыз етіледі, бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалайды, сонымен қатар «Бастауыш білім беруде бағалаудың заманауи технологиялары» арнайы курсы қамтамасыз етілді.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы: тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Абай атындағы ҚазҰПУ базасында «Педагогика және психология» институтының «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1, 2 курс күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімінің студенттерімен өткізілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі бастапқы теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне дұрыстығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімділігімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерінің сапалық және сандық талдауының үйлесімділігімен, критериалды бағалау технологиясы бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілді.

Жариялымдар. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 15 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 1 оқу-әдістемелік құрал, Scopus

ХБ құрамына кіретін журналда 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 5 мақала; халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, оның ішінде алыс және жақын шетелдерде 8 мақала.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.